

**«ҚАЗАҚСТАН ГЕНЕТИКТЕРІ МЕН СЕЛЕКЦИОНЕРЛЕРІ ҚОҒАМЫ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ (KOGIS)
ЖӘҢГІР ХАН АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН АГРАРЛЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ**

Ақпараттық хат № 1

**ҚАЗАҚСТАН ГЕНЕТИКТЕРІ МЕН СЕЛЕКЦИОНЕРЛЕРІ ҚОҒАМЫНЫҢ
ЕКІНШІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ
(KOGIS2027)**

2027 жылғы қыркүйек (нақты күндері кейінірек жарияланады)

Өтетін орны: Орал қаласы, Қазақстан Республикасы, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан
аграрлық-техникалық университеті

ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР!

Сіздерді Қазақстан генетиктері мен селекционерлері қоғамының Екінші Халықаралық конференциясының (KOGIS2027) жұмысына қатысуға шақырамыз. Конференция 2027 жылдың қыркүйегінде Орал қаласында (Қазақстан Республикасы) Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің базасында өтеді.

Конференцияның мақсаты — адам генетикасы, жануарлар, өсімдіктер және микроорганизмдер генетикасы мен селекциясы салаларындағы ғылыми ынтымақтастықты дамыту, сондай-ақ заманауи ғылымның басым міндеттерін шешуге бағытталған озық іргелі және трансляциялық зерттеулерді қолдау.

Жоспарланған ғылыми секциялар:

1-секция. Адам генетикасы және медициналық генетика

2-секция. Жануарлар генетикасы және селекциясы

3-секция. Өсімдіктер генетикасы және селекциясы

4-секция. Микроорганизмдер генетикасы және селекциясы

Конференцияның жұмыс тілдері: қазақ, орыс және ағылшын тілдері.

МАҢЫЗДЫ КҮНДЕР

Тіркеу өтінімдерін қабылдаукейінірек жарияланады

Тезистерді тапсырудың соңғы мерзімікейінірек жарияланады

Материалдардың қабылданғаны туралы хабарлама.....кейінірек жарияланады

Конференция бағдарламасын жариялаукейінірек жарияланады

Конференцияның өтуі.....2027 жылғы қыркүйек

МАТЕРИАЛДАРДЫ ТАПСЫРУ

Конференцияға қатысу үшін тіркеу формасы мен баяндама тезистерін электрондық түрде ұйымдастыру комитетінің мекенжайына жіберу қажет: kogis2027@genes.kz

КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫН ЖАРИЯЛАУ

Конференция қорытындысы бойынша материалдардың электрондық жинағын шығару жоспарлануда.

ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ ТІРКЕУ

Қатысудың ықтимал түрлері:

- ауызша баяндамамен қатысу
- онлайн баяндама
- постерлік баяндамамен қатысу
- баяндамасыз қатысу
- сырттай қатысу

ТІРКЕУ ЖАРНАСЫ

Тіркеу жарнасының мөлшері мен төлем деректемелері екінші ақпараттық хатта жарияланады.

ҚАТЫСУШЫНЫҢ ТІРКЕУ ФОРМАСЫ

KOGIS2027, Орал қаласы, Қазақстан, 2027 жылғы қыркүйек

Тегі	
Аты	
Әкесінің аты	
Елі	
Ғылыми дәрежесі	
Ғылыми атағы	
Лауазымы	
Ұйымы	
Телефоны	
Пошталық мекенжайы (индексімен)	
E-mail мекенжайы	
Баяндаманың атауы	
Секцияның нөмірі мен атауы	
Баяндаманың қалаулы түрі (ауызша, постер, онлайн, сырттай қатысу)	

ТЕЗИСТЕРДІ РӘСІМДЕУ ТАЛАПТАРЫ

Тезистер авторлардың таңдауы бойынша қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде ұсынылуы мүмкін. Ұйымдастыру комитеті ұсынылған материалдарды редакцияламайды; тезистердің мазмұнына толық жауапкершілік авторларға жүктеледі.

Тезис мәтінінің көлемі MS Word редакторында A4 форматының 1 бетінен аспауы тиіс. Жиектер: барлық жағынан — 20 мм, азат жол — 1 см, қаріп — Times New Roman, 12 кегль, бір интервал. Мәтін тасымалсыз, ені бойынша тураланады. Бет нөмірлері қойылмайды. Әдебиеттер тізімінсіз. Түрлердің латынша атаулары курсивпен жазылады.

Мәтін құрылымы:

- баяндаманың атауы (бас әріптермен, жартылай қалың қаріппен, ортаға туралап);
- авторлардың аты-жөні (жартылай қалың қаріппен: алдымен инициалдар, содан кейін тегі; жоғарғы индекстер авторлардың аффилиациясын білдіреді; ортаға туралап);
- жұмыс орны, қала, ел;
- негізгі автордың e-mail мекенжайы (ортаға туралап).

Тезис файлының атауында және хат тақырыбында бірінші автордың тегін латын транслитерациясында секция нөмірімен бірге көрсетуді сұраймыз, мысалы: Akhmetova_2_abstract.

Тезистер мен тіркеу формасын мына e-mail мекенжайына жіберіңіз: kogis2027@genes.kz

ХАТ АЛМАСУ МЕКЕНЖАЙЫ

Қазақстан генетиктері мен селекционерлері қоғамы (KOGiS)

E-mail: kogis2027@genes.kz

Website: <https://genes.kz/kogis2027/>

Хат тақырыбы: «KOGIS2027 – [сіздің сұрағыңыз]»

*Ұйымдастыру комитетінің төрағасы — ҚР Президенті жанындағы ҰҒА академигі,
профессор Е.К. Тұрыспеков*

Ғалым хатшы — профессор Р.Н. Календарь